

9. Griner A. S. and Stewart M. L. (2013). *Bridging the gap in academic achievement and disproportionality through the use of culturally sensitive teaching methods. Urban education*, 48 (4), 585-621.

10. Boykin A.V., Tyler K. M. and Miller O. (2005). *In search of cultural themes and their expression in the dynamics of school life. Urban education*, 40 (5), 521-549.

11. Madkins, T. S. and McKinney de Royston, M. (2019). *Clarification of political clarity in the process of teaching natural sciences, taking into account cultural characteristics. Scientific Education*, 103 (6), 1319-1346.

12. Timant A., Vink J., Tyra S. (2011). *The influence of coaching on the use of socio-cultural teaching methods by teachers. Teaching and teacher education*, 27 (4), 683-693.

13. Voronkova, L. P. (2005). *The principle of "cultural conformity" and the cultural mission of universities. Bulletin of Orenburg State University*, (1), 83-85.

14. Levina, E. Yu., Stukalova, O. V., & Prokofieva, E. N. (2022). *Cultural conformity as a target guideline for the development of higher pedagogical education. Kazan Pedagogical Journal*, (3 (152)), 8-17

15. Vygotsky, L. S. *Psychology of human development. Moscow: Smysl; Eksmo, 2004. 512.*

16. Leontiev, A. N. *Activity. Conscience. Personality. — M.: Sense, 2005. — 328 p.*

17. Rogers K. *How to become a person: a therapist's view of psychotherapy. — Boston: Houghton Mifflin, 1961.*

МРНТИ 15.81.21

Doi: 10.51889/2959-5967.2025.85.4.013

М.К. Қурсабаев *¹ , Б.С. Сайдахметов¹ , Г.Ш. Джумагулова² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

ARTIFICIAL INTELLIGENCE ПЛАТФОРМАСЫНДА ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫНА PROMT-МӘТІН ҚҰРАСТЫРУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕДИПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Аңдатпа

Жаһандық цифрлық трансформация жағдайында мектеп оқушыларының Artificial Intelligence in Education немесе Pedagogy платформалары арқылы психоэмоциялық, коммуникативтік, танымдық, креативтік әрекеттерінің белсенді көрініс табуы – жас ұрпақтың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің жаңа деңгейге көтерілуіне зор ықпалын тигізуде. Аталмыш құбылыс, орта буын оқушыларының заманауи мектеп практикасындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жүктемелері мен тапсырмаларын сапалы орындауы барысында бірқатар педагогикалық-психологиялық мәселелерді туындатты. Атап айтқанда, оқушылардың топтық жұмыс форматында түрлі ақпараттарды түсінуі, қабылдауы, қолдануы арқылы бір шешімге келуі үрдісінде Artificial Intelligence (Жасанды Интеллект) ресурстарын тақырып аясына сай жоспарлау мен пайдалану әрекеттерінің күн санап түрленіп келе жатқанын байқауға болады.

Осы орайда OpenAI, Gemini, ChatGPT, Artificial Intelligence in Pedagogy, LLama, Yandex, ISSAI-KazLLM платформалары көмегімен экология тақырыбына Promt-мәтін құрастыруда мектеп оқушыларының медиапсихологиялық ойлау қабілеттерін дамыту бойынша зертеу жұмысын жоспарлауды қолға алып отырмыз. Ондағы басты мақсатымыз білім мен тәрбие жүйесіне жағымды контенттері бар AI-платформалар: AppNeugen, ComicsMarker, Dall-E3, AppEskritor, Andersenlab, Animation Generator және басқа ресурстарда балалардың экология

тақырыбына Promt-мәтін құрастыруда медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына назар аудару қажет екенін жеткіземіз.

Зерттеу барысында оқушылардың жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін ойына тоқуы, қосымша оқу-тәрбие жұмыстарынан туындаған түйткілді мәселелерді топпен бірлесе отырып шешудің жолын таба білуі, түрлі тапсырмаларды орындаудағы әр оқушының жеке тұлғалық, индивидтік, лидерлік, Soft Skill және Hard Skill икемділік дағдыларын үйренуі мен меңгеруі, сондай-ақ, AI-платформаларда экология тақырыбына қатысты Promt-мәтіндерді жылдам іздестіру, сөйлем құрау, қарастырып отырған мәселені шешуге көмекші құрал бола алатын ұтымды технологияларды қолдану процесіндегі медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына қажетті көріністер мен әрекеттерді бақылау, салыстыру, бағалау және сипаттау әдістерін пайдалану аса маңызды шарттардың бірі екені дәлелді түрде баяндаймыз.

Түйін сөздер: балалар медиапсихологиясы, Artificial Intelligence in Pedagogy, Soft Skill және Hard Skill дағдылары, Internet Addiction, Networking, жеке тұлға қабілеттері

*Курсабаев М.К.*¹, Сайдахметов Б.С.¹, Джумагулова Г.Ш.²*

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²Центрально-Азиатский инновационный университет, г. Шымкент, Казахстан

РАЗВИТИЕ МЕДИАПСИХОЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ ПРИ СОСТАВЛЕНИИ PROMT-ТЕКСТОВ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ТЕМЕ НА ПЛАТФОРМАХ ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Аннотация

В условиях глобальной цифровой трансформации активное проявление психоэмоциональной, коммуникативной, когнитивной и креативной деятельности школьников посредством платформ Artificial Intelligence in Education или Pedagogy оказывает значительное влияние на развитие медиапсихологического мышления молодого поколения на новом уровне. Данное явление в процессе качественного выполнения учащимися среднего звена учебно-воспитательных заданий в современной школьной практике выявило ряд психолого-педагогических проблем. В частности, можно заметить, что в процессе коллективной работы, при восприятии, осмыслении и применении различной информации для принятия общего решения, использование ресурсов Artificial Intelligence (Искусственный Интеллект) по теме урока приобретает всё более разнообразные формы.

В этой связи мы приступаем к планированию исследовательской работы по развитию медиапсихологического мышления школьников с помощью платформ OpenAI, Gemini, ChatGPT, Artificial Intelligence in Pedagogy, LLama, Yandex, ISSAI-KazLLM при составлении promt-текстов на экологическую тематику. Основная цель данной работы – акцентировать внимание на развитии медиапсихологического мышления учащихся при составлении экологи-ческих promt-текстов с использованием AI-платформ с позитивным контентом, таких как AppHeygen, ComicsMarker, Dall-E3, AppEskritor, Andersenlab, Animation Generator и других ресурсов.

В процессе исследования особое внимание будет уделено таким аспектам, как интеграция знаний из предметов естественнонаучного цикла, коллективный поиск решений актуальных учебно-воспитательных задач, развитие индивидуальных, личностных, лидерских качеств учеников, а также формирование навыков Soft Skill и Hard Skill при выполнении различных заданий. Кроме того, важными условиями будут являться: умение учащихся быстро находить promt-тексты по теме экологии на AI-платформах, составлять предложения, применять эффективные технологии в качестве вспомогательных инструментов для решения поставленных проблем, а также использование методов наблюдения, сравнения, оценки и описания процессов, демонстрирующих развитие медиапсихологического мышления.

Ключевые слова: детская медиапсихология, Artificial Intelligence in Pedagogy, навыки Soft Skill и Hard Skill, Internet Addiction, сетевая Networking, личностные способности

*Kursabayev M.K.*¹, Saydakhmetov B.K.¹, Jumagulova G.Sh.²*
¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
²Central Asia Innovative University, Shymkent, Kazakhstan

DEVELOPING SCHOOLCHILDREN' S MEDIA-PSYCHOLOGICAL THINKING THROUGH COMPOSING PROMT-TEXTS ON ECOLOGICAL TOPICS USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE PLATFORM

Abstract

In the context of global digital transformation, the active manifestation of school students' psycho-emotional, communicative, cognitive, and creative activities through platforms such as Artificial Intelligence in Education or Pedagogy has significantly contributed to elevating the media-psychological thinking abilities of the younger generation to a new level. This phenomenon has given rise to a number of pedagogical and psychological issues during the process of effectively completing the educational and instructional tasks of modern school practice by middle-grade students. In particular, it has been observed that in the process of group work—understanding, perceiving, and applying various types of information to reach a common decision—the planning and usage of Artificial Intelligence (AI) resources in accordance with lesson topics are becoming increasingly diverse.

In this regard, we are initiating a research project aimed at developing students' media-psychological thinking skills using platforms such as OpenAI, Gemini, ChatGPT, Artificial Intelligence in Pedagogy, LLama, Yandex, and ISSAI-KazLLM by constructing ecological prompt-texts. The main goal of this project is to focus on the development of students' media-psychological thinking through the use of AI platforms with positive content—such as AppHeygen, ComicsMarker, Dall-E3, AppEskritor, Andersenlab, Animation Generator, and other resources—for composing prompt-texts on environmental topics.

During the research process, special attention will be paid to how students integrate knowledge from natural sciences, collaborate to find solutions to educational challenges, and develop individual personality traits, leadership skills, and adaptability through Soft Skills and Hard Skills. Furthermore, key conditions include students' ability to rapidly search for ecological prompt-texts on AI platforms, construct sentences, apply effective technologies as supportive tools for problem-solving, and employ methods such as observation, comparison, evaluation, and description of the processes that reflect the development of their media-psychological thinking.

Keywords: children's media psychology, Artificial Intelligence in Pedagogy, Soft Skills and Hard Skills, Internet Addiction, Networking, individual abilities

Кіріспе. XXI ғасырдың басындағы ғылым мен техниканың қарыштап дамуы білім жүйесіне едәуір үлкен өзгерістер әкелді. Алдымен кибернетика, электронды есептеуіш машиналар кейін, компьютерлік бағдарламалар, ақпараттық технология, робототехника және Жасанды Интеллект (Artificial Intelligence) жетістіктері бүгінгі орта буындағы мектеп оқушыларының санасына күн санап, өздерінің ықпалдарын тигізіп келе жатқаны – осы мәселеге байланысты ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар, семинарлар материалдары мен зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде анық байқалады.

Жалпы орта білім беретін мектептегі бүгінгі таңдағы ауқымды реформалар мен түрлі бағыттағы инновациялық технологиялардың ендірілуі бір жағынан жылдам өзгермелі жаңа қоғамның талаптарына жалпы жұртшылықтың адаптациялануына жол ашса, екіншіден дәстүрлі оқу-тәрбие жұмыстарының сапалық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беруі – жас ұрпақ өкілдерінің әрекеттерінен білім беру стандарттарын сақтай отырып, электронды-цифрлық ресурстарды барынша пайдалануға деген мотивациялық құлшыныстарын көруге болады.

Қазіргі заманғы мектеп жағдайында оқу-тәрбие жұмыстарын прогрессивтік бағытта жоспарлау мен ұйымдастыруда көптеген тәжірибелер жинақталды. Оқушылардың сабақ үрдісінде маңызды ақпараттарды қабылдауы, ой елегінен өткізуі, ондағы танымдық және тәрбиелік контенттерді дер кезінде түсініп, салыстырып, талдап және бағалай білуіне көмекші құрал бола алатын AI-платформалар ресурстары көптеп таралуда. Әсіресе, адамдар арасындағы соңғы он жыл ішіндегі электронды-цифрлық, ақпараттық-технологиялық және әлеуметтік-коммуникациялық белсенді қарым-қатынастардың еңбек әрекетінде, тұрмыстық тіршілікте және басқа жағдайлардағы айрықша көріністері көпшілік назарын өзіне аударып отырғаны жай қоғамдық құбылыс деуге келмейді. Біздің зерттеу объектімізге іліккен жалпы білім беретін орта мектептердегі оқушылардың оқу-тәрбие жұмыстарынан туындаған тапсырмаларды орындау барысында, көп жағдайда дәстүрлі тәсілдерден гөрі Интернет ресурстарын барынша пайдалана отырып діттеген мақсаттарына жетуге деген құлшыныстары зерттеуші ғалымдар назарынан тыс қалмағаны абзал демекпіз.

Жас ұрпақ өкілдерінің ересектер тарапынан өздеріне жүктелген шығармашылық, танымдық, интеллектуалдық жұмыстарды ақпараттық технология жетістіктері арқылы атқаруы біріншіден, олардың электронды-цифрлық контенттердің жаңа мүмкіндіктерімен танысуға итермелесе, екіншіден, тапсырмаларды орындай барысында әрбір жеке тұлға мен индивидтің өзіндік әрекеті мен топпен жұмыс істеудегі орны мен үлесін бағалауды нақты тәжірибе жүзінде сынақтан өтуіне жол ашылатыны белгілі болып отыр. Демек, жеке тұлға санатына жататын мектеп оқушыларының заманауи ауқымды ақпараттар кеңістігіндегі танымдық, интеллектуалдық һәм шығармашылық әрекеттерінің әлеуметтік желілер мен көпфункционалды, мультипликативті компьютерлік коммуникативтік құралдарды пайдалану барысындағы қарым-қатынастар жүйесі, біз көтеріп отырған медиапсихология тақырыбының бастауы деуге тұрарлық. Аталмыш проблема, бірқатар жылдар бойы көптеген ғалымдардың назарына ие болып, бүгінгі таңда медиапсихология ғылымы ретінде, жалпы психологияның бір тармағы санатында қарастырылып келеді.

Шет елдік және отандық ғылыми-зерттеу базаларында медиапсихология: сенсорлық ақпарат, медиа және коммуникация теориясы, менталдық когнитология, Media Entertainment, Cultural-historical activity theory, радикалды танымдық құлқият, гуманистік концепция ретінде Sigmund Freud, Herbert Marshall McLuhan, Burrhus Frederic Skinner, Abraham Harold Maslow, Lev Semyonovich Vygotsky еңбектерінде көрініс тапты.

Аталған еңбектерді арқау еткен және біздің тақырыбымызға пайдалы кеңес болған Arthur A. Raney еңбегіне жіті назар аудардық. Автор өзінің Media Entertainment (Мәдени-ақпараттық құбылыстардың санаға әсері) деп көрсеткен бөлімінде, қоғамдық ортадағы адамдар әрекеттері немесе басқа мәдени-ақпараттық оқиғалар әсерлеріне жеке тұлғалардың психоэмоциялық реакцияларынан басталатын ар-ождан құндылықтарының түрлі өзгерістерге ұшырауы себептеріне үлкен мән береді [1].

Elihu Katz және басқа ғалымдар медиапсихологияға қатысы бар Uses and gratifications (ақпаратты пайдалану және нәтижеге жету) атты коммуникациялық теорияға арнаған тұжырымдарында, әлеуметтік психология аясындағы релаксациялық тәжірибелерге негізделген адамдар арасындағы мақсатқа жету қағидасына сүйенген мінез-құлық әрекеттеріне дәйекті сипаттама береді [2].

Галаганова С.Г адамның күнделікті тұрмысы мен еңбек әрекетінде медиапсихологиялық көріністердің қоғамдық ортада айырықша орын алуы, көптеген ғалымдар атап өткен күтілетін нәтижелердің бірі болғанына күман келтірмейді. Бұл жерде маңызды ақпараттармен жұмыс істеу барысында адам әрекеттерінде жиі кедесетін манипуляциялық көріністердің саналы түрде немесе жанама түрінде кездесуі бір ғана эксперименттік жұмыстар нәтижелерімен шектеліп қалмағаны басты проблема ретінде көрінетінін байқауға болады [3].

Заманауи мектеп жағдайындағы білім беру жүйесінің біртіндеп медиакеңстік кезеңіне өте бастауы жас ұрпақтың медиапсихологиялық сауаттылықтарының артуына себепкер болуы

Скорова Л. В. және басқа ғалымдар тарапынан жеткілікті түрде қарастырылған. Осылайша, оқушылардың білімді меңгеруі, қабылдауы барысында заман талаптарына сай электронды-цифрлық ресурстарды оқу-тәрбие жұмыстарында пайдаланудың интегративті моделінің жасалуы жеке тұлға танымдық әрекеттерінің көздеген мақсаттарына жұмсалуды қамтамасыз етпек [4].

Исмагилова Л.Р жеке тұлғаның жан-жақты дамуы кезеңдерінде, әсіресе мектеп жасындағы жасөспірімдердің танымдық, шығармашылық және лидерлік қабілеттерінің ашылуы жағдайында, білім беру мекемелері психологтары мен педагогтарының бірлесе отырып медиапсихология технологияларын меңгеруге бағытталған шараларды жүзеге асыруда тұлға дамуы факторларының бірі екендігіне көз жеткізеді [5].

Жумагулова А және басқалар, балалардың күнделікті өмірдегі цифрлық және медиаақпараттық өнімдердің қоғамдық сана кеңістігіне барынша енуі жас өскіндердің отбасылық дәстүрлер мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарымен тығыз байланыста дамуына қарамастан, көптеген контенттердің оқушылар сана-сезіміне көп жағдайда позитивті, кей жағдайда негативті ықпал ететінін атап өтеді [6].

Осы ретте, ғаламдық деңгейге көтерілген Artificial Intelligence in Pedagogy немесе Education (AIEd) платформалары арқылы экологиялық білім, тәрбие, мәселе және басқа тақырыптармен интеграцияланған креативті-шығармашылық тәсілдерге сүйенген prompt-мәтіндерді жас ұрпақ өкілдерінің оқу-тәрбие жұмыстарында белсенді пайдалана басталғаны көпшілікке жаңсақ емес. Бүгінде басым көпшіліктің OpenAI, Gemini, ChatGPT, Artificial Intelligence in Pedagogy, LLama, Yandex, ISSAI-KazLLM өнімдері AppHeygen, ComicsMarker, Dall-E3, AppEskritor, Andersenlab, Animation Generator және басқа платформаларды жиі пайдалануы ғалымдар назарын аударып отыр. Әрине, айтылған мағлұматтардың жағымды һәм жағымсыз тұстарын айта келе, оқушылардың түрлі пәндерді оқу арқылы қол жеткізген дағдыларын тәжірибе жүзінде, яғни позитивті қажеттіліктерге арнауға деген мотивацияларын дер кезінде оята білу медипсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына түрткі болып, нәтижесінде бүгінгі заман талап еткен Soft Skill және Hard Skill дағдыларының да қалыптасуына оң ықпал ететініне сенімдіміз деп айта аламыз. Қазақстандық ғалым Olga Taralova және басқалар еңбегі арқылы, елімізде Artificial Intelligence in Education (AIEd) проблемалары бойынша 2022 жылдан бері зерттеу жұмыстар жүргізіліп келе жатқанына назар аудардық [19]

Оқушы балалардың танымдық функцияларына бүгінгі ақпараттық технология жетістіктерінің ықпалы Садыкова Н және басқа авторлар еңбегінде басты орын ие болғаны көрінеді. Мұндай күрделі үрдістер шамадан тыс бала әкеретіне кейде қолайлы, керісінше қолайсыз эмоционалдық ортаның қалыптастыруы қандай жағдайда болмасын жіті бақылауда болғаны абзал [7, 211].

Шет елдік ғалымдар Rafiq K және басқалар экология тақырыбы бойынша Artificial Intelligence (AI) жетістіктерін ендіру уақытының келгенін меңзеуде. Осылайша, зерттеушілер мен компьютерлік ғылымдар арасындағы пәнаралық байланыстарды оңтайластыруда AI ресурстарына бағытталған экологияның генеративті нұсқаларын бірлесе отырып пайдалануда жаңа мүмкіндіктер ашылатыны сөзсіз [8,5].

Оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерінің ашылуына ерекше оң жағдай қалыптастыруда Artificial Intelligence in Pedagogy немесе Education (AIEd) электронды-цифрлық экожүйелеріне трансформациялануда біздер тарапымыздан бірқатар мәселелерді шешу жолдары қарастырылды [9], [10], [11].

Кейінгі жылдары көптеген білім мекемелерінде AI-платформаларына локализацияландырылған компьютерлік бағдарламалар мен цифрлық аппликациялар кеңінен қолданысқа енуде. Осы орайда, Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика және психология факультеті, педагогика кафедрасы базасында жасалған «Ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарының Artificial Intelligence in Pedagogy (AIPed) платформасына интеграциялануының теориясы мен практикасы факультатив курсының бағдарламасы» құжаты бойынша университет және мектеп арасындағы коллаборациялық ынтымақтастық негізінде бірқатар бірлескен жұмыстар қолға алынды

[10, б. 435]. Онда бейнеленген VideoGen, Animation, Visualization, AI Music Creator, McCrindleAI және басқа аппликациялармен оқушылардың жұмыс істеуі, оқыту мазмұнының түрленуіне ықпал етіп, бала зердесінің күрделі де қызықты ақпараттарды қабылдауы барысында, медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына түрткі боларына сеніміміз мол [10, б.438].

Бағдарлама бойынша ұсынып отырған зерттеу жұмысымызға қатысты маңызды мәселелер мынадай тізілімде баяндалған: «...Осылайша, AIEd немесе ChatGPT Ed платформаларының білім беру жүйесіне тигізген ықпалдары мен оқу-тәрбие жұмыстарына интеграциялану эволюциясын үш кезеңге бөлеміз.

1-кезең (2020-2021 жылдар). Электронды-цифрлық оқулықтардың (робототехника, чип, виртуалды лаборатория) генеративті интеллект «Artificial general intelligence» (AGI) және чат-бот жүйесіне көшуі.

2-кезең (2022-2023 жылдар). OpenAI және басқа компаниялардың ChatGPT және AI Ed аппликацияларын ұсынуы.

3-кезең (2023-2024 жылдар). GPT-4o, Perplexity PRO, Google Gemini, Microsoft Copilot, YandexGPT, GigaChat, қазақстандық QazaqGPT, BondayAI, AishaAI, ISSAI KAZ-LLM платформаларының пайда болуы..», деп көрсетілген [10, б.432]. Онда келтірілген мәліметтер негізінде цифрлық контенттерді өңдеуде мектеп оқушыларының медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына ұйытқы болатын түрлі қызықты материалдар дайындауға болады.

Зерттеуші ғалымдар Reyhani Haghghi және басқалар экология пәнін оқытуда білім алушылардың санасында болашақ мамандықты таңдауға деген мотивациялық құндылықтардың ертерек қалыптаса бастайтынын тілге тиек етеді. Artificial Intelligence in Ecology тақырыбы бойынша білім беру бағдарламаларын дайындауда заманауи талаптарға бейімделген және жеке тұлғалардың жас ерекшеліктерін ескеретін психологиялық құзыреттіліктердің орын алуы үшін ChatBot сервистеріне икемделген материалдардың көптеп орын алуы, бірқатар жұмыстарды жеңілдетуге мүмкіндік беретіні аталған авторлар еңбектерінде баяндалған [13, б.8].

Осылайша, дәстүрлі оқыту жүйесі мен инновациялық технологияларды қамти отыра оқушылардың медиапсихологиялық қабілеттерінің дамуына жаңа бағыт табылды деген мақсатымызды тұжырымдаймыз. Бұл орайда, Artificial Intelligence in Pedagogy немесе Education (AIEd) және басқа платформаларды еркін пайдалана отырып, мысал ретінде экология тақырыбы бойынша Prompt-мәтін құрастыру ісі іске асатын болса балалардың білімді игеруге деген құлшыныстары артып, топтық жұмыстар арқылы кез келген мәселенің себеп-салдарын анықтап, нақты, ұтымды һәм жүйелі шешім қабылдау деңгейлеріне жететініне кәміл сенеміз.

Бейнелі түрде айтқанда, жоғарыда келтірілген мәліметтер мен ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, бала санасының медиапсихология кеңістігіне енуі – бірқатар коррективтік шаралар жасай отырып, зерттеуге келетін әлеуметтік қатынастар негізінде заманауи тұрмысқа адаптацияланған қоғамдық құбылыс деп тоашылаймыз. Медиапсихология көріністерінің жаһандық цифрлық трансформация жағдайындағы білім жүйесіндегі жеке тұлғаның когнитивтік құндылықтарының компьютерлік технологияларды меңгеруі барысындағы психоэмоциялық әрекеттерінің оқу-тәрбие жұмыстарымен тығыз байланыстағы сана-сезімдерінде бейнеленуі десек қателеспейміз. Осы тәжірибелер арқылы жас өскіндердің медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына тұтқа болатын құндылықтар ориентациясын моделдеу қажет. Оның басты шарттарының біріне, жас ұрпақ өкілдерінің Artificial Intelligence in Pedagogy платформаларында танымдық-шығармашылық әрекет ету барысында алдын ала мақсатты, жоспарлы һәм жүйелі ойластырылған ғылыми тұрғыдағы психологиялық және педагогикалық қағидаларға сүйенуі шарт.

Кейде, медиапсихологиялық ойлау түсінігі «клиптік ойлау» атауымен ұштасып жатады. Зерттеу барысында «медиапсихологиялық ойлау» анықтамасы туралы ғылыми тұжырымдар кездеспегенін байқадық. Егер медиапсихология мәселесінің пайда болуы адамның цифрлық қоғамда компьютерлік технологияларды үйрену мен меңгеру барысындағы танымдық, интеллектуалдық және креативтік әрекеттерінің жиынтығы деп қарастырсақ, онда медиапсихо-

логиялық ойлау жеке тұлғаның ақпараттарды қабылдау, өңдеу және қолдану барысындағы жаңа қоғамдағы дүниетанымдық көзқарастардың санада бейнеленуі деп тұжырымдауымызға болады.

Клиптік психологияның өз алдына жеке зерттеу объектісі екенін айта келе, көп жағдайда оның медиапсихологиялық ойлау жүйелерімен тығыз байланысты екенін көреміз. Дегенмен, клиптік психологияның шағын, мағынасы шектеулі фото-видео бейнелер көмегімен қоғамдағы ауқымды мәселелер мен дүниетанымдық көзқарастарды адам санасына бейнелеуге атүсті (үстіртін) форматқа арналған үрдіс екенін ескерсек, онда медиапсихологиялық ойлау шағын және ауқымды шеңбердегі ақпараттарды қатар меңгеруді мақсат еткен қоғам мүшелерінің ойлау, салыстыру, бағалау, қолдану сияқты күрделі танымдық әрекеттер нәтижелері деп түсіндіреміз.

Экология тақырыбы бойынша AI-платформалары көмегімен Prompt-мәтін құрастыруда біздер эксперименттен өтіп жатқан мектептердегі балалардың әрекеттерінен, жоғарыда айтылған екі тәжірибелердің қатар қолданылғанын көрдік. AI Generator көмегімен мәтін құрастыруда бір ғана платформаның жеткіліксіз екені расталды.

Ақпараттық эраның адам санасына, әсіресе жас буын өкілдерінің когнитивтік зердесіне орасан ықпал етіп жатқаны Prensky Marc еңбегінде жарқын көрініс тапқан. Академиялық қауымдастық ортасында «Digital Natives» немесе «Digital Immigrants» атаулармен белгілі болған осы мәселе төңірегінде автордың пайымдауынша, жас ұрпақ өкілдерінің, атап айтқанда, Generation Millennials (1980) және Generation Zoomers (2010) ұрпақтарының әлеуметтік коммуникация, оқу-тәрбие, білім беру, бос уақытты тиімді пайдалану және басқа интеллектуалдық, креативтік, техникалық, инженерлік қажеттіліктерін өтеуде компьютерлік ғылымдар жетістіктеріне көбірек жүгінетіні дәлелді түрде сипат алады [15]. Осы тұрғыдан алғанда AI немесе ЖИ платформалары арқылы оқушылардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерін дамытуда мультимедиялық, геймификациялық, генеративтік және басқа электронды-цифрлық өнімдерді Prompt-мәтін форматында локализацияландырудың маңызы зор екеніне көзіміз жетті.

Кейінгі жылдары осы тақырып аясында «Ақпараттық эра адамдары» (Information Age person) «цифрлық ұрпақтар» (Digital Generation), «цифрлық балалар» (Digital Children), «цифрлық иммигранттар» (Digital Immigrants), «цифрлық туземдіктер», «цифрлық педагогика», «цифрлық психология», «әлеуметтік-цифрлық трансформация», «Bairn Bala Robotics», «цифрлық революция ұрпақтары», «онлайн сана» (Modern Mind), «просьюминг» (Prosumer) және терминдер мен атаулар ғалымдар материалдарында көптеп кездеседі. Заманауи мектеп оқушылар арасындағы цифрлық коммуникация жағдайындағы жасөспірімдердің әлеуметтік топтары арасындағы киберқоғамдағы қарым-қатынастар ерекшеліктері туралы Абай атындағы ҚазҰПУ базасында жүргізілген зерттеулер нәтижелері Ақпараттық технология жетістіктерін үйрену мен қолдануда ересектер мен балалар арасында бірқатар дистанциялық интеллектуалдық алшақтықтар орын алғаны, жоғарыда айтып кеткен мағлұматтармен жанасатынын білуге болады [16]

Алайда, AI технологияларын қолдануда көптеген заңға қайшы келетін әрекеттер мен әлеуметтік тұрғыдағы тәуекелдердің болуы шындық. Интернет желілерімен дұрыс жұмыс істеу барысында киберқауіпсіздік шараларын алдын ала қарастыруда Клюев Д.С және басқалар еңбектері құнды [18].

Осы орайда, Дмитриева В.А еңбегіне назар аударсақ, автор дәстүрлі әлеуметтік құндылықтардың «экрандық мәдениет» қажеттіліктеріне ауысып бара жатқаны Интернет ресурстарды белсенді қолданушылардың (басым көпшілігі мектеп оқушылары мен студенттер) есебінен жаңа қоғам жеке тұлғаларының феноменін қалыптастыруға әкеліп соқты деп айтуында себеп бар [14].

Білім жүйесіндегі қалыптасқан психологиялық және педагогикалық мәдениет құндылықтарының сан қырлы арналарына бүгінде «digitalnative» құбылыстарына негізделген цифрлық туындылардың қосылуы біздің назарымыздан тыс қалмауы дұрыс.

Оқушылардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған көптеген жобалардың қатарына AI платформаларының көмегімен түрлі бағыттарда, атап айтқанда SpeechFlow AI, D-ID, Mango AI, Colorify AI, VideoGen, AI Story Generator, Scuibler, Mureka AI,

Open Art, Artiphoria AI және жоғарыда аталған Жасанды Интеллект платформалары көмегімен экология тақырыбы бойынша көптеген жобалар жасау қажеттігін бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді.

Британдық ғалым Carter R. A қазіргі заманғы қоғамдағы ауқымды экологиялық апаттардың туындау себептерін алдын ала болжауда AI-технологияларын пайдаланып, табиғат көріністерін визуальді графикалық программалау арқылы жобаулауға болатынын тәжірибе жүзінде көрсетеді [19]. Ғалымның пайымдаулары ақпараттық технология жетістіктерінің күн санап қоғамның барлық саласына қарқынды ендіріле бастағанын, оның үстіне білім жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдаяттарының жас ұрпақ назарын ерекше аударып отырған тұстарымен ұштасады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің негізгі бағыттарына таңдаған тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы аналитикалық шолу жасалып, нақты тақырып-тар атаулары жинақталады. Ғылыми еңбектерге жасалған шолу бойынша медиапсихология тақырыбына қатысты тұжырымдар сарапталынады. Қол жеткізілген материалдар бойынша ортақ құнды пікірлер мен ғылыми көзқарастар назарға алынып, жекелей бағытта пысықталынады.

Зерттеу объектісі болып табылатын мектеп оқушыларының білімді игеру барысындағы танымдық, шығармашылық әрекеттері мен түрлі тапсырмаларды орындау барысындағы жеке, топтық жұмыстарды орындаудағы лидерлік және дамытушылық үрдістерді бақылау, қадағалау әдістері қолданылады.

Алға қойған мақсат-міндеттерді іске асыруда зерттеу алаңындағы көтеріп отырған тақырыбымыздың аясындағы оқушылардың белгілі тапсырмаларды орындау барысындағы медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуы сатысындағы эмоциялық, икемділік және шешім қабылдау әрекеттеріне салыстырмалы түрде талдау жасау тұстары баяндалады. Оқушылардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің даму кезеңдерін анықтауда фасилитациялық әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Зерттеу жұмысының басты шарттарының бірі оқушылардың AIED/AIPed платформаларымен жұмыс істеу барысында экология тақырыбы бойынша Prompt-мәтін құрастыру процесінде медиапсихологиялық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған әрекеттерді сипаттау, бағалау және бақылау болып табылды. Нәтижелерге қол жеткізу барысында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Райымбек батыр атындағы орта мектептің орта буын оқушыларымен эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Сауалнама және практикалық жұмыстармен жұмыс істеуге 75 оқушы тартылды.

Эксперименттік жұмыстар екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең 2024 жылғы оқу жылының басында (қазан айы) жүргізілді. Оқушыларға сауалнама әдісі бойынша бірнеше сұрақтарға жауап беру сұралды. Сұрақтардың реті мынадай тәртіппен ұсынылды:

1. Білім жүйесіндегі Artificial Intelligence (Жасанды Интеллект) технологиялары туралы білеміз бе?

2. Мектептегі әлеуметтік топтар қарым-қатынастарында Жасанды Интеллект платформалары арқылы қандай электронды-цифрлық ресурстарды пайдаланамыз?

3. Жеке ұсыныс.

Сауалнаманы тарату барысында мектеп оқушыларына біздер және педагогикалық ұжым тарапынан алдын-ала дайындыққа негізделген әрекеттер қарастырылмады. Респонденттердің берілген сұрақтарға жауап беру уақыты белгіленбеді. Эксперименттік жұмыстың осы кезеңдегі шарты бойынша сұраққа жауап беру үрдістері ешқандай дайындықсыз, еркін атмосферада ұйымдастырылуы жоспарлаған бағытымыздың талабына сәйкестендірілді. Өз ретінде, оқушылардың аталған тақырыптар бойынша оқу-тәрбие жұмыстарындағы ақпараттарды қабылдауы мен өңдеуі аясындағы медиапсихология объектілеріне жақын келетін тұстардағы, алған білімдерін қаншалықты деңгеде қолдана білуіне де жете мән бергенімізді айтып өтеміз.

Айтылған тұжырымдар негізінде мынадай мағлұматтарға қол жеткіздік [Кесте 1].

Кесте 1– Сұрақ-жауап нәтижелерінің пайыздық сипаттамасы

№	Сұрақтар	Жауаптардың жалпы нәтижелері (%)	Ұсыныс (%)	Бейтарап (%)
1	Білім жүйесіндегі Artificial Intelligence (Жасанды Интеллект) технологиялары туралы білеміз бе?	84,5%	5,3%	11,2%
2	Мектептегі әлеуметтік топтар қарым-қатынастарында Жасанды Интеллект платформалары арқылы қандай электронды-цифрлық ресурстарды пайдаланамыз?	82,9%	6,3%	12,2%
3	Жеке ұсыныс	15,3%	4,2%	80,5%

Зерттеу жұмысымыздың басында болжағанымыздай, күтілетін нәтижелер айтар ойымыздың растығына көз жеткізді. Қарап отырғанымыздай, Жасанды Интеллект тақырыбының бүгінгі мектеп жағдайында көпшілік қауымға, әсіресе балалардың коммуникативтік орталарында маңызды ақпаратқа ие болғаны, олардың еш дайындықсыз қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап бергендерін атап өтуге болады. Сауалдамаға қатысуда оқушылардың белсенділіктерінің әр түрлі деңгейде болғанын көруге болады Оған балалар тарапынан жеке ұсыныс білдіруде 80,5% көрсеткіштің белең алғанын айтсақ жеткілікті.

Екінші кезеңдегі эксперименттік жұмыстың басты міндеті оқушылардың экология тақырыбы бойынша бүгінгі таңдағы Artificial Intelligence платформаларындағы, атап айтқанда AIEd/AiPed бағдарламаларындағы озық технологиялар туралы жалпы мағлұмат алу және цифрлық өнімдерді дайындауға үйрету болды. Ондағы мақсат, оқушылардың берілген тапсырмалардың ерекшеліктеріне назар аудару, топқа біріге отырып көздеген межеге жетуде орындалатын жұмыстарды мұқият жоспарлай білу арқылы медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің даму үрдістеріне нақты сипаттама беру болып табылды.

Бұл кезеңде, алғашқысына қарағанда оқушыларға ұсынылған барлық ақпараттар алдынала мақсатты, жоспарлы және міндетті түрде жүргізілді. Бұл ретте, респонденттердің жеке танымдық мүмкіндіктерінің, тақырып ережелерін ұсыну барасында балалардың жас ерекшеліктері, жекелей, топтық һәм лидерлік қасиеттерінің еркін ашылуына мүмкіндік беретін психологиялық және педагогикалық қолдау тұрғысынан жоспарланды. Жүктелген тапсырмалардың жеке тұлға зейіндері мен когнитивтік тұрғыдағы психоэмоциялық әрекеттерінің сатылық деңгейлеріне лайықталып жасалғаны – қатысушылардың білімдік, икемділік, дағдылық және басқа ақпараттарды қабылдауының сапалық көрсеткіштерінің үлесіне тендестірілді. Оқу-тәрбие құралы ретінде OpenAI, Gemini, ChatGPT, Artificial Intelligence in Pedagogy, LLama, Yandex, ISSAI-KazLLM платформалары мен олардың цифрлық өнімдері AppNeugen, ComicsMarker, Dall-E3, AppEskritor, Andersenlab, Animation Generator, BoltNew ресурстары пайдаланылды.

Жалпылай айтқанда, аталған тапсырмаларды орындау барысында көптеген тиімді нәтижелерге қол жеткізілді:

- оқушылардың Promt-мәтін құрастыру барысында медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің даму кезеңдеріне қатысты маңызды тұжырымдар қалыптасты;
- мәтіндерді құрастыру реті мен технологиясының медиалингвистикалық ойлау ерекшеліктері анықталды;
- алынған мәліметтерден нәтиже шығаруда оқушылардың функционалдық сауаттылығы шеңберінде қарастырылуының педагогикалық-психологиялық маңыздылығы анықталды;
- мектептегі дәстүрлі оқыту мен инновациялық білім технологияларының интеграциялануы жағдайында жеке тұлғаның ақпараттық қабылдауы мен өңдей білуі процесінде Soft Skill және Hard Skill дағдылары туралы жеке біліктіліктерінің толықтырылуына оңтайлы ахуал туды;

- медиапсихологиялық ойлау тақырыбын қарастыру барысында «клиптік психология» мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдардың дәлелділігі мен құндылығына салыстырмалы түрде баға берілді;

- AI өнімдерімен жұмыс істеу барысында оқу-тәрбие жұмыстарында геймификациялық әдістердің белең алуы қатысушылардың шығармашылық (креативті) ойлау тұрғыдағы белсенділіктері анықталды;

- Artificial Intelligence in Pedagogy платформаларында экология тақырыбына қатысты Жасанды Интеллект өнімдері бойынша ақпараттық-аналитикалық база құрылымдарының цифрлық кеңістігін жасауда оқушылардың цифрлық құзыреттіліктері артты;

- Интернет ресурстарын пайдалануда киберқауіпсіздік шаралары, Халықаралық цифрлық сервис, цифрлық өнімдер бойынша авторлық құқықтардың қорғалуы, Internet Addiction проблемалары мен басқа тәуекелдер туралы оқушылар санасында ақпараттық мәдениет ошақтары қалыптасты;

- Дайын, өңделген немесе авторлық нысандағы цифрлық мәліметтерді жүктеу, коррективті қалау, толықтырулар енгізу, оқу-тәрбие жұмыстарына пайдаланудағы жобалық және дизайн жасау барысындағы медиапсихологиялық ойлау тетектері жаңартылды;

- Интернет қолданушылардың ақпаратты бөлісу мен бағалауға арналған цифрлық сауаттылық пен біліктіліктері артты;


- Тапсырмаларды орындау мен сапаландыруда Promt-мәтіндерді жылдам құрастыру арқылы дайын платформалардан жауап алу қарқыны артып, аталмыш үрдіске басқа әлеуметтік топтардың назар аудару тенденциясы етек алды;

- Жеке және топтық жұмыстарды орындау барысында оқушылар санасында цифрлық білім мен технологияларды пайдалануда «Digital Trust» форматындағы Soft Skill және Hard Skill икемділіктері артты;

- Экология тақырыбына Promt-мәтін құрастыруда үлгі ретінде BoltNew AI Generator платформасының таңдалып алынуы топтық жұмыстарды орындау барысындағы балалардың лидерлік қабілеттерінің ашылуын түрткі болды;

- BoltNew AI Generator платформасы арқылы оқушылар әлемдегі экология ғылымы мен экологиялық таза өнімдер туралы ғылыми, қолданбалы, фундаменталды, эксперименттік, инженерлік, картографиялық, органикалық қалдықтар мен тыңайтқыштар индустриясы, климатологиялық, ғарыш технологиялары, әлеуметтік-экономикалық және педагогикалық-психологиялық зерттеу орталықтары туралы жан-жақты мағлұматтармен танысты;

- жас өскіндердің коммуникативтік құзыреттіліктерінің артуына себепкер болған жекелей, топтық, лидерлік, интеллектуалдық мүмкіндіктерінің ашылуына мұрындық болатын қосымша тапсырмалардың таралу деңгейлерін бақылауға және бағалауға орықты жағдай қалыптасты [Сурет 1].



Сурет 1 – Оқушылардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің даму кезеңдері,
Курсабаев М.К, Сайдахметов Б.С.; 2025

Балалардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуы мен қалыптасуы барысын бақылау мен бағалауда фасилитациялық әдіс қолданылды. Фасилитация бойынша оқушыларға берілетін тапсырмалардың орындалуының сапалық деңгейге жетуіне тірек болатын педагогикалық ұжым мен ғылыми қауымдастықтың коллаборациялық әрекеттерінің жиынтығы болып табылды.

Нәтижесінде BoltNew AI Generator платформасы таңдалып алынды. Тапсырманы орындау барысында оқушылар топқа бөлініп, экология тақырыбы бойынша Prompt-мәтіндерді құрастыру жұмыстарымен айналысты. Атап айтқанда қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін экологиялық таза өнімдерді органикалық қалдықтар есебінен биогумус шаруашылығы арқылы дамытуда Жасанды Интеллект көмегімен «Vermicompost Children's Book» атты AI Generator форматындағы цифрлық өнім пайда болды. Оқушылардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуына ұйықы болатын жоғарыда атап өткен Жасанды Интеллект платформаларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу және эксперименттік жұмыстардың талаптарына сәйкестендіруде балалардың:

- жекелей және топтық жағдайда берілген тапсырмаларды орындау барысында командалық, координациялық, креативтік қабілеттерінің артуына;
- экология тақырыбына қатысты ғылыми-ақпараттық контенттерді жылдам, сапалы және жүйелі орындаудағы когнитивтік әрекеттердің белсенді сипат ауына зор мүмкіндіктер пайда болды.

Қорытынды. Көпшілік назарына ұсынылған еңбегіміздің тақырыбы бүгінгі ғылыми-техникалық, электронды-цифрлық және әлеуметтік-коммуникациялық жетістіктердің білім жүйесіне әсер етуі жағдайындағы жас ұрпақтың медиапсихологиялық ойлау қабілеттерінің дамуы кезеңдері арқылы зерделеу үрдістерімен сәйкестендірілді. Мақаланы интерпретациялауда ХХ ортасында Ақпараттық эра дәуірінен бастау алып, өз ретінде электрондық, кибернетикалық, автоматтандыру, робототехникалық, Интернет және Жасанды Интеллект технологияларына ұласқан революциялық ауқымды дүниелердің жас ұрпақ санасына зор ықпалына жете назар аударып, қол жеткізілген теориялық және практикалық тәжірибелер негізінде бағалау, салыстыру, бақылау және тиімді тұстарын қолданудың жолдарын іздестіру екенін атап өттік.

Зерттеудің өзектілігін айқындауға себеп болған қоғамдағы цифрлық трансформация кеңістігіне социум мүшелерінің барынша бейімделуіне бағытталған негізгі факторлар, атап айтқанда OpenAI, LLama, AIEd/AIPed және басқа платформалардың цифрлық өнімдерімен бетпе-бет келуі арқылы интерациялық байланыстарды орнату мен тиімді жолдарын қарастыру мәселелері басты назарымыздан тыс қалмады.

Жиырма бірінші ғасырдың басындағы білім беру жүйесіндегі айтулы технологиялық бетбұрыстарды, осы уақытқа дейін доминанттық сипатта болған дәстүрлі оқыту стандарттары мен инновациялық білім технологиялары арасындағы балансты сақтай отыра, жас ұрпақ өкілдерінің маңызды ақпараттарды қабылдау және өңдеуде жеке сана-сезімдік ой електерінен өткізе отырып, тез өзгермелі қоғамдағы шынайы шындық жетістіктерінен сабақ алып, барынша өркениетті сипаттағы талаптарға сай келетін маңызды шешім қабылдау мүмкіндіктерінің ашылуына орықты педагогикалық және психологиялық жағдай туғызудың қажеттіліктері анықталды.

Қарастырып отырған тақырып аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасаған талдауымыз мектеп оқушылары және жоғары оқу орындары студенттері арасында, жоғарыда сипаттап кеткен оқиғалар төңірегінде жеке ойлары мен көзқарастары, сондай білім беру сапасын арттыруға эффективті ықпал ететін өзіндік позициялары бар екені бізге ой салды.

Көтеріп отырған тақырыбымыздағы терминдер мен атауларға қатысты еңбектерге (Arthur A, Галаганова С.Г, Исмаилова Л.Р, Жумагулова А және басқалар) жасаған шолу, ұсынылып

отырған проблемамыздың шын мәнінде, көпшілік санасына қозғау салып отырғанын байқатты деуге болады. Бұл жерде медмапсихологиялық ойлау сөзіне келгенде, әзірше оның бүгінгі жастар қарым-қатынасындағы орнының тек әлеуметтік коммуникация құралы ретінде қалып отырғанын көрсетеді. Сөз барысында медиапсихология ғылымының бүгінгі заман ғалымдары материалдарында өзекті мәселе екені анықталды.

Шет ел және отандық ғалымдар Rafiq K, Carter R.A, Reyhani Haghghi S, Дмитриева В. А., Ключев Д.С., Садыкова Н. еңбектеріне жасаған шолуымыз білім беру және басқа жүйелердегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында дәстүрлі оқыту мен инновациялық технологиялар жетістіктері арқылы білім беруді сапалық деңгейге көтеруге көптеген мүмкіндіктердің бар екені көрсетті. Бұл жерде, экология тақырыбына қатысты озық тәжірибелерді жастардың танымдық-интеллектуалдық ерекшеліктеріне, сондай-ақ, маңызды ақпараттарды меңгеру мен қолдана білуде Жасанды Интеллект ресурстарын кеңінен пайдалану, жеке тұлға дамуы мен қалыптасуындағы маңызды көрсеткіштердің бірі екені пысықталды.

Медиапсихология ғылымының пайда болуы жеке тұлғаның күнделікті өмір тұрмысындағы кешенді компьютерлік бағдарламалар мен электронды-цифрлық ақпараттық технология ресурстарының тиімді жағдайда пайдалану нәтижесінде пайда болған қарым-қатынастар үрдісі деп бағалауға мүмкіндік туды. Ғылыми еңбектер мен ресми ақпарат базаларында арнайы мәселе ретінде қоғамдық пікір қалыптастырып, өз ретінде барынша орныға бастаған медиапсихологиялық ойлау мен клиптік ойлау проблемалары, болашақта жан-жақты қарастырылады деген сенімдеміз. Бұл жерде оқушылардың медиапсихологиялық ойлау қабілеттері – балалар мен жасөспірімдердің оқу-тәрбие үрдісінде маңызды мағынаға ие тапсырмаларды топтық жұмыс құрылымы ретінде бірлесе атқару, лидерлік және интеллектуалдық қасиеттерінің ашылуы, кері байланыс жасай отыра шынайы мақсатқа жетудегі танымдық-шығармашылық әпекеттер деп қарастыру ұсынылды. Ал, клиптік ойлау – аса ауқымды ақпараттарды шектеулі және атүсті жағдайлардағы құрғақ эмоцияларға негізделген әрекеттер деп топшылады.

Artificial Intelligence in Pedagogy немесе Education платформалары арқылы әлемдік деңгейдегі ChatGPT, Gemini, Copilot, OpenArt және басқа аппликациялармен байланыстыру, білім беру мекемелеріндегі балалардың техникалық-интеллектуалдық, креативті-жобалық тұрғыда ойлауға ынталандыратын жеке тәжірибелерінің дамуына мүмкіндік беру екені сарапталынды. Оған мысал ретінде, кез келген ақпаратты презентация, инфографика, видео, музыка, кесте, мәтін және басқа формаларда анағұрлым сапалы орындау мен өндеуге мектеп оқушыларын қызықтыра білу бүгінгі мамандардың терең назар аударатын мәселесі екені аталып өтті.

Көптеген жетекші ғалымдар білім және басқа жүйелердегі қоғамдық феномен ретінде қарастырған Digital Natives және басқа атаулардың жастар санасына оң, кей жағдайларда жағымсыз ықпал етіп отырғанын біле тұра, инновациялық технологиялардың социумның барлық салаларына қарқынды ендірілуі – дәстүрлі оқыту ережелеріне деген білімалушылар тарапынан бірқатар алаңдаушылықтар тудыртып отырғанына көз жеткіздік. Білім берудің стандарттарын сақтай отырып, жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу-тәрбие жұмыстарын геймификациялық, генеративтік, инновациялық тұрғыда моделдеуге арналған цифрлық платформалар мен электронды ресурстарды мүмкіндігінше пайдалану қажеттілігі түсіндірілді. Оның бейнелі формадағы жарқын үлгілеріне Dall-E3, AppEskritor, Andersenlab, Animation Generator, BoltNew платформалары арқылы оқушылардың экология тақырыбы бойынша Promt-мәтін құрастыру әдісі олардың білім алу мен тәрбиелену деңгейлерін диагностикалауға тағы бір жол ашатынын сипаттадық. Бұл жерде, екі кезенді қамтыған эксперименттік жұмыстардың жүргізілуі себеп болғанын баяндадық.

Алғыс білдіру. Ұсынылып отырған ғылыми мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректор атынан ұйымдастырылған гранттық жобалар (Бұйрық №05-04/329, 14.05.2024) шартына сай жарияланғанына

университет басшылығына және Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Психология» сериясы журналы редакциялық Алқасына ризашылығымызды білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Arthur A. Raney. *The Role of Morality in Emotional Reactions to and Enjoyment of Media Entertainment*// *Journal of Media Psychology*. – 2011. – Volume. 23. – №. 1. – P. 18-23. <https://econtent.hogrefe.com/doi/10.1027/1864-1105/a000027>
2. Elihu Katz., Jay G Blumler., Michael Gurevitch. *Uses and Gratifications Research*//*Public Opinion Quarterly*. – 1973. – Volume 37. – Issue 4. – P. 509–523. <https://doi.org/10.1086/268109>
3. Галаганова С.Г. Медианпсихология и манипуляция сознанием// Издательство МГТУ им. Н. Э. Баумана. – 2019. – Москва. – С. 112. <https://elibrary.ru/item.asp?id=44685355>
4. Скорова Л. В., Къшитымова И. М. Педагогическая медианпсихология: Методологическое обоснование интеграционной модели//*Вестник НГПУ*. – 2020. – №5
5. Исмаилова Л.Р. Медианпсихологические технологии как факторы развития личности подростка// *Материалы XV городской научно-практической конференции, Пермский государственный гуманитарно-педагогический университет*. – 2018. – С. 47-49. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=38178677>
6. Жумагулова А., Рамазан А., Каримова Б. Балаларға арналған медиаөнімдер және тілдік орта //*Вестник университета Ясави*. – 2024. – Т. 4. – №. 134. – С. 62-73.
7. Садыкова Н., Аскарова Ж., Туракул А. Влияние использования информационных технологий на когнитивные функции детей//*Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Психология»*. – 2025. – Т. 81. – № 1. – С. 209-217.
8. Rafiq K. et al. *Generative AI as a tool to accelerate the field of ecology* //*Nature Ecology & Evolution*. – 2025. – С. 1-8. <https://www.nature.com/articles/s41559-024-02623-1>
9. Kursabayev M. K., Saidakhmetov B.S. *Ethno-Pedagogical content of localizing Kazakh carving patterns on the Amazon USA Platform through the AI Mandala Generator application*// *XIX International Scientific and Practical Conference «The modern vector of the development of science»*. - Philadelphia, USA. – 2025. P.74. <https://doi.org/10.5281/zenodo.15147327>
10. Курсабаев М.К., Сайдахметов Б.С. Ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарының Artificial Intelligence in Pedagogy (AIPed) платформасына интеграциялануының теориясы мен практикасы (факультатив курсының бағдарламасы 80 сағат)//*World Scientific Reports*. – 2025. – № 9. – P 427-446. <https://ojs.scipub.de/index.php/WSR/issue/view/127/298>
11. Курсабаев М.К., Сайдахметов Б.С., Сержанұлы Б. Педагогические проблемы развития экологического сознания школьников в процессе трудового воспитания //*Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки*. – 2024. – Т.84. – №. 4. – С. 349–357. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.031>.
12. BoltNew AI Generator. *Vermicompost Children's Book*.- 2025. https://bolt.new/~sb1-rclrhu3e?utm_term=ai+powered+app
13. Reyhani Haghghi S., Pasandideh Saqalaksari M., Johnson S. N. *Artificial intelligence in ecology: a commentary on a chatbot's perspective* //*The Bulletin of the Ecological Society of America*. – 2023. – Т. 104. – №. 4. – С. e2097. <https://doi.org/10.1002/bes2.2097>
14. Дмитриева В. А. Социально-психологический анализ «клипового мышления» активных пользователей сети Интернет как феномена современности //*Известия РГПУ им. А. И. Герцена*. – 2021. – № 202. <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialno-psihologicheskii-analiz-klipovogo-myshleniya-aktivnyh-polzovateley-seti-internet-kak-fenomena-sovremennosti>
15. Prensky, Marc. *Digital Natives, Digital Immigrants Part 1* //*On the Horizon*. – 2001. – Т. 9 – 9. – №5. – P. 1–6. doi: 10.1108/10748120110424816.
16. Курсабаев М.К., Киякбаева У.К., Дәулет Н. Детская киберсреда «Bairn-Bala Robots» как устойчивое технотронное образовательное пространство//*Вестник КазНПУ имени Абая*.

Серия: Педагогические науки . – 2020. – Т. 68. – № 4. – С. 176–185.
<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.27>

17. Tapalova O., Zhiyenbayeva N. Artificial intelligence in education: AIED for personalised learning pathways // *Electronic Journal of e-Learning*. – 2022. – Т. 20. – №. 5. – С. 639-653.

18. Kluyev D.S., Smushkin A.B., Sokolova Y.B., Platonov S.E. Analiz vozmozhnostei iskusstvennogo intellekta dlya rassledovaniya moshennichestva// *Fizika volnovykh protsessov I rdiotekhnicheskie sistemy*. – 2023. – Т. 26. – № 3. – С. 116-122.
<https://journals.ssau.ru/pwp/article/view/25876>

19. Carter R. A. Art, Ecology, and AI: Envisioning More-Than-Human Landscapes// *Visual Culture in Britain*. – 2024. – Т. 22. – № 1–3). – P. 37–43.
<https://doi.org/10.1080/14714787.2024.2428061>

References

1. Arthur A. Raney. *The Role of Morality in Emotional Reactions to and Enjoyment of Media Entertainment*// *Journal of Media Psychology*. – 2011. – Volume. 23. – №. 1. – P. 18-23.
<https://econtent.hogrefe.com/doi/10.1027/1864-1105/a000027>

2. Elihu Katz., Jay G Blumler., Michael Gurevitch. *Uses and Gratifications Research*// *Public Opinion Quarterly*. – 1973. – Volume 37. – Issue 4. – P. 509–523. <https://doi.org/10.1086/268109>

3. Galaganova S.G. *Mediapsihologia I manipuliatsia soznaniem*// *Izdatelstvo MGTU imeni N.E.Baumana*. – 2019. – Moaswa. – С. 112. <https://elibrary.ru/item.asp?id=44685355>

4. Skorova L.V., Kyshtymova I.M. *Pedagogicheskaya mediapsihologia: Metodicheskoe obosnovanie integratsionnoi modeli*// *Vestnik NGPU*. – 2020. – №5.
<https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskaya-mediapsihologiya-metodologicheskoe-obosnovanie-integratsionnoy-modeli>

5. Ismagilova L.R. *Mediapsihologicheskie tehnologii kak faktory razviyiya lichnosti podrostka*// *Materialy XV gorodskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, Permskii gosudarstvennyi gumanitarno-pedagogicheskii universitet*. – 2018. – С. 47-49.
<https://www.elibrary.ru/item.asp?id=38178677>

6. Zhumagulova A., Ramazan A., Karimova B. *Balalahga arnalgan mediaonimder zhane tildik orta*// *Vestnik universiteta Yasavi*. – 2024. – Т. 4. – №. 134. – С. 62-73.

7. Sadykova N., Askarova Zh., Turakul A. *Vliyanie ispolzovanie informatsionnuh tehnologii na kognitivnye funktsii detei* Садыкова Н., Аскарова Ж., Туракул А.// *Vestnik KazNPU imeni Abaya, seria Psihologia*. – 2025. – Т. 81. – № 1. – С. 209-217.

8. Rafiq K. et al. *Generative AI as a tool to accelerate the field of ecology* // *Nature Ecology & Evolution*. – 2025. – С. 1-8. <https://www.nature.com/articles/s41559-024-02623-1>

9. Kursabayev M. K., Saidakhmetov B.S. *Ethno-Pedagogical content of localizing Kazakh carving patterns on the Amazon USA Platform through the AI Mandala Generator application*// *XIX International Scientific and Practical Conference «The modern vector of the development of science»*. - Philadelphia, USA. – 2025. P.74. <https://doi.org/10.5281/zenodo.15147327>

10. Kursabaev M.K., Saidahmetov B.S. *Ultyq talim-tarbie qundylyqtarynyn Artificial Intelligence in Pedagogy (AIPed) platformasyna integratsialanuynyn teoriasy men praktikasy (fakultativ kursynyn bagdarlamasy, 80 sagat)*// *World Scientific Reports*. – 2025. – № 9. – P 427-446.
<https://ojs.scipub.de/index.php/WSR/issue/view/127/298>

11. Kursabaev M.K., Saidahmetov B.S., Serzhanuly B. *Pedagogicheskie promlemy razvitiya ekologicheskogo soznaniya shkolnikov v protsesse trudovogo vospitaniya*// *vestnik KazNPU imeni Abaiya: Seriya: Pedagogicheskie nauki*/. – 2024. – Т.84. – №. 4. – С. 349–357.
<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.031>.

12. BoltNew AI Generator. *Vermicompost Children's Book*.- 2025. https://bolt.new/~sb1-rclrhu3e?utm_term=ai+powered+app